

"Катонқарағай ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтары жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы"

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 14 мамырдағы № 27/315-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Катонқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Катонқарағай ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Б. Болаев

Катонқарағай аудандақ мәслихатының
2025 жылғы 2025 жылғы 14 мамырдағы

№ 27/315 – VIII шешіміне қосымша

Катонқарағай ауданыны бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Жинақталу нормасы Жылна 1 тұрғынға м3	Есептік бірлігі	Қызметтердің құны ТБО (ҚҚС-сыз тенге)			Барлығы (ҚҚС-сыз тенге)	
			Жинау және тасымалдау	Көму	Сұрыптау	ҚҚС-сыз	ҚҚС- қоса
Жайлы үйлер	1,82	Б і р тұрғынға айына	264,49	110,04	0,00	374,53	419,47
Жайлы емес үйлер	1,86		270,31	112,45	0,00	382,76	428,69
Жеке жіне заңды тұлғалар үшін бірлігіне (-		1 м3	1743,91	725,52		2 469,43	

көлеміне) жылдық тариф					0,00		
------------------------------	--	--	--	--	------	--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК